

31 наурыз – 04 сәуір, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE "Биржалық симуляторды" Rangeld Finance" [іске қосады](#).
- Мүшелік жарна, биржалық және клирингілік алым туралы, кепілдік қамтамасыз етуді есепке алу комиссиясы туралы [қағидаға](#) енгізілген түзету күшіне енді.
- Қор нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу [әдістемесіне](#) өзгеріс енгізіледі.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты АҚШ Қаржы министрлігінің [US9128284F40](#) (US_56_2503), [US91282CGU99](#) (US_84_2503), [US912797MV69](#) (US155_2504) халықаралық облигациялары мен "ЮНИКРЕДО" МҚҰ ЖШС-ның [KZ2P00009103](#) (MFUCb2) облигациялары KASE ресми тізімінен шығарылды.
- KASE-де Еуразия даму банкінің [KZ2D00013620](#) (EABRb53), "R-Finance" Микроқаржы ұйымы" ЖШС-ның [KZ2P00013063](#) (MFRFb16), "AgroBusiness KZ" Кредиттік серіктестігі" ЖШС-ның [KZ2P00010390](#) (MFABb1), "ОнлайнКазФинанс" МҚҰ ЖШС-ның [KZ2C00013266](#) (MFOKb25) және [KZ2C00013274](#) (MFOKb26) және "Mogo Kazakhstan (Мого Қазақстан)" МҚҰ ЖШС-ның [KZ2P00013642](#) (MFMOB21) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- "Mogo Kazakhstan (Мого Қазақстан)" МҚҰ ЖШС-ның [KZ2P00013642](#) (MFMOB21) облигациялары "таза" бағасымен сауда-саттық режиміне көшірілді.

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстанның Қаржы министрлігі 50,8 млн MEYKAM [KZKD00001210](#) (MUM072_0014), 23,0 млн MEYKAM [KZKD00001285](#) (MUM084_0020) и 40,0 млн MEYKAM [KZKD00000444](#) (MUM180_0004) орналастырды.
- "ОнлайнКазФинанс" МҚҰ АҚ KZ2C00013266 (MFOKb25) үшжылдық облигацияларын орналастырып, жазылу арқылы 6,9 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012037 (KFUSb77) облигацияларын орналастырып, 949,6 млн теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ облигацияларын орналастырып, 4,7 млрд теңге [тартты](#).
- "GoldFinMarket" ломбарды" ЖШС KZ2P00013501 (MFLGb13) екіжылдық облигацияларын орналастырып, 81,6 млн теңге [тартты](#).
- "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ KZ2C00008464 (PRKRb7) облигацияларын орналастырып, 10,0 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) ЖДҚ сатып алу бағдарламасы шеңберінде меншікті бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- "Эйр Астана" АҚ 26 наурыз бен 01 сәуір аралығында меншікті бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- "Qazaqstan Investment Corporation" АҚ Sustainable Fitch агенттігінің компанияның ESG-рейтингінің жалпы балын көтергені туралы [хабарлады](#).
- "Каспий" тауар биржасы" АҚ Шұбаркөл маркалы көмірмен биржалық сауда-саттықтың басталғаны туралы [хабарлады](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ экспорт мақсатында Қазақстан Республикасының құбыр жүйелері арқылы қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі қызметтің (бірыңғай маршруттау жөніндегі операторлық қызмет) жаңа тарифі бекітілгені туралы [хабарлайды](#).
- "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ 2024 жылы жай акциялар бойынша дивиденд [төлеуге ниетті](#).




04.04.2025

Трендтер (%)

KASE Индексі	5 522,77	-2,2	-2,3
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
АО "Банк ЦентрКредит"	2 778,77	2,7	- 3,1
АО "Казахтелеком"	48 025,00	2,2	5,1
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	14 800,01	1,6	4,3
АО "KEGOC"	1 480,00	0,2	- 0,4
АО "КазТрансОйл"	808,89	0,1	- 1,0
АО "Кселл"	3 372,00	- 0,8	- 1,3
АО "KM GOLD"	74,19	- 1,1	- 14,7
АО "ForteBank"	7,70	- 1,7	- 3,1
Pfizer Inc.	24,81	- 1,9	- 4,6
АО "Эйр Астана"	730,00	- 3,6	- 4,6
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	17 082,00	- 3,9	- 6,9
AT&T Inc.	26,72	- 5,1	- 3,6
АО Kaspі.kz	46 298,76	- 5,1	- 12,4
Tesla, Inc.	253,00	- 5,2	- 4,9
Microsoft Corporation	355,00	- 6,7	- 7,8
Freedom Holding Corp.	128,03	- 7,1	- 11,1
АО "Народный Банк Казахстана"	276,97	- 7,4	5,4
PayPal Holdings Inc.	59,92	- 7,8	- 10,7
Apple Inc.	197,40	- 9,5	- 17,1
Advanced Micro Devices, Inc.	92,97	- 10,7	- 3,7
Intel Corporation	20,90	- 11,1	- 2,6
NVIDIA Corp.	98,02	- 12,6	- 16,2
Bank of America Corporation	34,50	- 17,3	- 18,8

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген



Акциялардың жергілікті нарығында теріс динамика танылды. Өткен аптада KASE индексі 5523 пунктке дейін 2%-ға төмендеді.

Уран бағасының құлдырауы аясында Қазатомөнеркәсіп акциялары теріс серпін көрсетіп, 4%-ға төмендеді. Сонымен қатар, KEGOC 2025 жылғы 28 сәуірде акционерлерінің жылдық жиналысы өткізетінін хабарлады. KEGOC акциялары 0,2%-ға өсті.

Халық банкі жаһандық депозитарлық қолхаттарды сатып алу бағдарламасы аясында 26 наурызда \$338 мың АҚШ доллары сомасына 15 мың меншікті бағалы қағазын сатып алды. Жаһандық депозитарлық қолхаттар \$21,3 бағасымен сатып алынды. Банк акциялары бір аптада 7% жоғалтты.


KASE индексіне кіретін басқа қаржы компаниялары аралас динамика танытты. Kaspі.kz акциялары 2%-ға төмендеді, ал ЦентрКредит банкінің акциялары 3%-ға өсті.

Эйр Астана 29 мамырда акционерлердің жалпы жылдық жиналысы өткізілетіні туралы хабарлады. Күн тәртібінде 2024 жылдың қорытындысы бойынша таза пайданы бөлу және дивиденд мөлшерін бекіту, сондай-ақ жылдық есепті бекіту қарастырылады. Сондай-ақ авиатасымалдаушы 202 мың акция және сатып алу бағдарламасы шеңберінде 8 мың жаһандық депозитарлық қолхат сатып алғанын хабарлады. Мәмілелердің жалпы сомасы \$360 мыңды құрады, акциялардың орташа бағасы 758-ден 778 теңгеге дейін, ал ЖДҚ \$6,1-ден \$6,2-ге дейін өзгерді. Осыған қарамастан, компания акциялары бір аптада 4% жоғалтып, 730 теңгеге дейін төмендеді.




Ақша нарығында біркүндік репо тарту мөлшерлемесі төмендеп, апта қорытындысы бойынша жылдық 15,84% құрады. Біркүндік валюта свопы операцияларының бір аптада АҚШ долларымен кірістілігі жылдық 12,05%-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Наурыз айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1%-ға әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 504,27 теңгеге жетті. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 237 млн АҚШ долларынан 243 млн АҚШ долларына дейін артты. Жалпы сауда көлемі 4,1 млрд АҚШ долларын құрады.

Ұлттық қордан наурыз айында валюта сату 748 млн АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуді, сондай-ақ «Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырын салу бойынша инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 18%-ын немесе күніне шамамен 44 млн АҚШ долларын құрады.

Үкіметтің республикалық бюджетке трансферт бөлуге берілген алдын ала өтінімдері бойынша сәуір айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 950-ден 1 050 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатады деп күтілуде.

Еліктеу операциялары аясында наурызда 249 млрд теңге стерильденді, нәтижесінде 1-тоқсанда стерилизацияның жалпы көлемі 742 млрд теңгені құрады. Осы мақсатта 2-тоқсанда 640 млрд теңгеге жуық, оның ішінде сәуір айында 213 млрд теңгеге жуық валюта сатылады деп күтілуде.


Ұлттық Банк наурызда валюталық интервенция жүргізбеді.

Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті түрде сату бойынша норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі 376 млн АҚШ долларын құрады.

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 40% деңгейінде ұстап тұру мақсатында наурыз айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жүзеге асырды, олардың жалпы сомасы 250 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 6%-ын құрады. Бұл ретте, сәуір айындағы валюта сатып алу көлемі 250 млн АҚШ долларынан аспайды.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
S&P 500	5 074,08	-9,1	-13,2	-1,4	-9,1
Dow Jones	38 314,86	-7,9	-10,9	-0,7	-7,9
PTC	1 039,88	-8,7	-9,2	-10,6	
MMBБ	2 781,97	-8,1	-14,8	-18,4	
Hang Seng	22 849,81	-2,5	-3,2	36,6	-2,7
SS CSI 300	3 861,50	-1,4	-1,1	8,2	-1,4
Euro Stoxx 50	4 878,31	-8,5	-11,1	-3,8	-8,3
FTSEuroFirst	5 406,50	-8,2	-10,7	-0,7	-8,2
FTSE 100	8 054,98	-7,0	-8,0	1,0	-6,9
KASE	5 522,77	-2,2	-2,3	8,3	

Шикізат нарығы

04.04.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	65,58	-10,9	-5,4	-27,7
Мұнай (WTI)	61,99	-10,6	-6,5	-28,4
Табиғи газ	3,84	-5,6	-13,8	116,3
Мыс	440,20	-14,2	-7,6	3,6
Темір	804,50	1,8	0,8	-3,6
Алтын	3 038,24	-1,5	4,1	32,6
Күміс	29,23	-16,0	-11,0	7,3
Астық	529,00	0,1	-0,3	-4,9

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

09.04	<u>FOMC хаттамаларын жариялау</u>	USD		
10.04	<u>Тұтыну бағаларының базалық индексі (ТБИ) (м/м) (наурыз)</u>	USD	0,3 %	0,2 %
10.04	<u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (г/г) (наурыз)</u>	USD	2,6 %	2,8 %
10.04	<u>Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берілген бастапқы өтінімдер саны</u>	USD	223K	219K
11.04	<u>ЖІӨ (м/м) (ақпан)</u>	USD	0,1 %	-0,1 %
11.04	<u>Германияның тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (м/м) (наурыз)</u>	USD	0,3 %	0,3 %
11.04	<u>Өндірушілер бағасының индексі (PPI) (м/м) (наурыз)</u>	USD	0,2 %	0,0 %

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	10,0%	01.04.25	9,4%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	47,9	01.03.25	47,2
Ақша базасы, млрд KZT	13 662,6	01.03.25	14 012,2
Ақша масса, млрд KZT	44 674,6	01.03.25	44 684,1

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг

Күні

Алдыңғы

S&P Global

BBB-/A-3 тұрақты

21.02.25

BBB-/A-3 тұрақты

Moody's

Baa1/тұрақты

09.09.24

Baa2/позитивті

FitchRatings

BBB/тұрақты

15.11.24

BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдаулардың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.